

FTAMP 10.17.01

К.А.Тлеубекова¹, Ф.Ө.Серім¹

SDU University , Қаскелең қ, Қазақстан.

*e-mail: kamillatleubekova0802@gmail.com

АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ТҮСІНІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қоғамды ақпараттандыру мен байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілік қолданудың теориялық негіздерін зерттеу болып табылады. Ақпараттық технологиялар қазіргі таңда адам өмірінің бір бөлігіне айналып кетті. Күнделікті өмірде әлемдегі барлық адамдар ақпараттық технологиялардың көмегімен, ақпаратқа жедел қол жеткізу, байланыс және ақпарат алмасу, білім алу, қашықтықтан медициналық консультация алу және еңбек қызметін жүзеге асыру сияқты мүмкіндіктерге ие болып отыр. Дегенмен қазіргі таңда ақпараттық технологиялар мен байланыс саласын дамыту, аталған саладағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізу мен заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуде өзекті болып отыр. Қоғамдағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың артуы, адам және қоғам өміріне ақпараттандыру мен байланыс тікелей әсерін тигізетін болғандықтан, аталған саладағы заңды жауапкершілік шараларын тиімді құқықтық реттеуді қажет етеді. Жұмыс барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынып, “ақпараттық құқық” бойынша авторлық анықтамалар ұсынылып, заңды жауапкершілікке тартудағы маңызды ұғым “ақпараттық құқық бұзушылық құрамы” бойынша тұжырымдамалар жасалынды. Зерттеудің мақсаты ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен ерекшелігіне талдау жүргізу және зерттеу барысында кездесетін мәселелерді анықтау болып табылады.

Кілт сөздер: ақпарат, ақпараттық құқық, ақпараттандыру, байланыс, ақпараттық технология, құқық бұзушылық, әкімшілік-құқықтық жауапкершілік.

Кіріспе.

XXI ғасыр-ақпараттық революция мен технологиялардың ғасыры. Ақпараттық қоғамның қалыптасуы жағдайында ақпаратты тарату мен байланыс саласы бұрынғыданда кеңейе түсті. Ақпараттық технологиялардың көмегімен интернетке, ақпараттық базаларға, дербес деректерге қол жеткізу мүмкіндігі пайда болып, соның нәтижесінде құқық бұзушылар үшін ақпараттық технологиялар мен ресурстардың, автоматтандырылған жүйелердің жұмысын бұзуға, зиянды бағдарламаларды таратуға және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне зиянын тигізуге мүмкіндік болды.

Мақаладағы зерттеудің әдіснамалық негізін танымның ғылыми диалектикалық әдістерінің ережелері құрайды. Ғылыми зерттеулерді жүргізу кезінде анализ және синтез, диалектикалық, статистикалық, логикалық әдістер қолданылды.

Мақаладағы зерттеудің теориялық маңыздылығы —мақала әкімшілік-құқықтық жауапкершілік саласындағы құқықтық теория мен тәжірибедегі олқылықтарды толтыруға, қазіргі заманауи технологиялар мен ақпараттандыру мен байланыс ұсынатын құқық бұзушылықтарға қолданылатын әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен ерекшеліктерін ашуда маңызды зерттеу болып табылады.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы-мақалада ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті жетілдіру мен аталған құқық бұзушылықтарды қарайтын органдардың істерді қарау кезінде кездесетін мәселелеріне назар аударуда және тиімді заңды жауапкершілік шараларын бекітуде маңызды зерттеу болып табылады.

Нәтижелер және пікірталастар.

Қазіргі қоғамның барлық салаларына цифрлық технологиялардың енуі ақпараттандырудың жаһандық үдерісімен сипат алып отыр. Бұл үдеріс өз кезегінде азаматтардың ақпаратқа қол жетімділігін жақсарту және әртүрлі салаларда тиімділікті арттыру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануды қамтиды, сонымен қатар ақпараттық қоғамда болатын құқықтық қатынастар мен құқық бұзушылықтарды тиімді құқықтық реттеуді қажет етеді.

Қазіргі уақытта ақпараттандыру мен байланыс қоғамның әртүрлі салаларында дамуы ақпараттық қоғамның негізін құрайды. Отандық

автор А.И.Алдабергенова [1, 10 б], ақпараттық қоғам - индустриалды дамыған елдердің қазіргі жағдайын, олардың өмірінің барлық аспектілеріндегі ақпараттың жаңа рөліне, ақпаратты өндірудің, өңдеудің және таратудың сапалы жаңа деңгейіне байланысты қолданылатын термин,-деген түсіндірме жасаған. Ал орыс ғалымдары В. В. Блажеев, М. А. Егорова ақпараттық қоғам-ақпарат пен оны қолдану деңгейі мен қолжетімділігі азаматтардың экономикалық және әлеуметтік-мәдени өмір сүру жағдайларына түбегейлі әсер ететін қоғам [2, 627 б], - деп түсіндірген. Жоғарыда келтірілген анықтамалардан, келесідей негіздегі авторлық тұжырымды шығаруға болады. Ақпараттық технологиялардың көмегімен қоғам өмірінің барлық салаларын ұйымдастыруда, яғни ақпарат таратуда, тауарлар мен қызметтерді өндіруде, сондай-ақ қоғамдық қатынастар мен өзара әрекеттесуді қалыптастыруда, әлеуметтік-мәдени және экономикалық үдерістерді ақпараттандыруды сипаттайтын терминді ақпараттық қоғам ретінде сипаттауға болады.

Ақпараттық дәуірінде интернет пен ақпараттық технологиялар, әлемнің кез келген жерінен, кез келген қолжетімді ақпараттың үлкен көлеміне қол жеткізе алу мүмкіндігін беріп отыр. А.И.Алдабергенова ақпараттық құқық-нормалары ақпаратты іздеу, алу, беру, өндіру және тарату процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін қазақстандық құқық саласы [1,15], - деген анықтама ұсынған. А.Е.Жатқанбаева ақпараттық құқық дегеніміз-ақпаратты және одан туындайтын өнімдерді іздеумен, алумен, берумен, таратумен байланысты қоғамдық қатынастар саласын кешенді негізде реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы, - деген анықтама ұсынған [3,21]. Отандық авторлардың ақпараттық құқық туралы берген анықтамалары ұқсас, сәйкесінше ақпараттық құқық ақпаратты іздеу, алу, беру, өндіру және тарату кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық саласы екенін көруге болады. Осы тұста, шетелдік авторлар И.Л.Бачило, В.Н.Лопатин, М.А.Федотов ақпараттық құқық бойынша, мазмұны ұқсас болғанымен, сәл өзгеше анықтама ұсынған. Ақпараттық құқық - азаматтардың, олардың ұйымдарының, мемлекет пен қоғамның ақпараттық қажеттіліктерін қауіпсіз қанағаттандыруды қамтамасыз ету мақсатында ақпарат айналымына, ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға және пайдалануға, ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуіне байланысты ақпараттық саладағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы [4, 77-78 б]. Ковалева Н.Н ақпараттық

құқық-ақпаратты өндіру, қайта құру және тұтынудың ақпараттық саласында туындайтын мемлекет қорғайтын құқықтық нормалардың жиынтығы. Құқық-бұл ақпараттық жүйе, сондықтан ақпараттық құқық құқықтың ақпараттық мәнін зерттейді [5, 22 б], -деген анықтама берген.

Жоғарыда ақпараттық құқық саласын зерттеген ғалымдардың ақпараттық құқық бойынша берген анықтамалары ұқсас болғанымен, әр автордың берген анықтамаларында әртүрлі талдау бар екенін көруге болады. Кей авторлар ақпараттық құқықты ақпаратты іздеу, алу, беру, өндіру және тарату кезінде туындайтынын көрсетсе, ал басқа авторлар осымен қатар ақпараттық құқық ақпарат айналымына түскен ақпаратты азаматтардың, олардың ұйымдарының, мемлекет пен қоғамның ақпараттық қажеттіліктерін мемлекет тарапынан қорғалатын құқық саласы ретінде көрсеткенін көруге болады. Осы тұста ақпараттық құқыққа жеке авторлық анықтама ұсынатын болсақ, ақпараттық құқық - ақпаратты әртүрлі нысандарда құруды, жинауды, сақтауды, беруді және пайдалануды реттейтін және жеке құқықтар мен қоғамдық мүдделерді қорғауды қарастыратын, құқық пен ақпараттың және технологияның күрделі байланысын қарастыратын ережелерді қамтитын құқықтық көп салалы саласы болып табылады.

Соңғы онжылдықта елімізде цифрлық ақпараттық технологияларды дамытуға және оларды қоғамның түрлі салаларына икемдей отырып, цифрландыру бағытында белсенді қадамдар жасалды. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мемлекеттік басқарудың бір бөлігіне айналып кетті. Елімізде “ақпараттық қоғам” ұғымы пайда болып, Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен 2013 жылы 8 қаңтарда «Ақпараттық Қазақстан - 2020» Мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Аталған мемлекеттік бағдарлама, еліміздегі ақпараттық технологияларды дамытуға және оларды қоғамның түрлі салаларына бейімдеуге басымдық бере отырып, цифрландыру бағытында белсенді түрде дамуда. Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында [6] Қазақстанды IT-мемлекетке айналдыруды тапсырды.

Қазіргі қоғам мен мемлекеттің барлық құрылымдарын ақпараттандыру үдерісі ақпараттық құқық нормаларымен реттелетін қатынастар саласының кеңеюіне әкеледі. Осы тұста ақпараттандыру және байланыс ұғымдарын ажырату маңызды. Қазақстан

Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Ақпараттандыру туралы заңының 1 бабының 2 тармағына сәйкес, ақпараттандыру – ақпараттандыру субъектілерінің қызметін автоматтандыруға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесс [7]. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі № 567 Байланыс туралы заңының 2 бабының 10 тармақшасына сәйкес, байланыс - ақпаратты, пошта және арнаулы жөнелтілімдерді, пошталық ақша аударымдарын қабылдау, жинау, өңдеу, жинақтау, беру (тасымалдау), жеткізу, тарату, - дегенді білдіреді [8]. Ақпараттандыру және байланыс қоғам үшін жақсы мүмкіндіктер мен артықшылықтарға ие. Дегенмен, деректердің қауіпсіздігіне, құпиялылыққа және ақпараттық сауаттылықтың жеткіліксіздігі, технологияға тәуелділік, әлеуметтік-мәдени мәселелер құқық бұзушылықтың туындауына себеп болып жатыр.

Ақпараттық саладағы құқық бұзушылықтар белгілі бір субъектінің белгіленген ақпараттық құқықтық тәртіпке қол сұғатын және ақпараттық салаға зиян келтіретін не осындай келтірілуге нақты қауіп төндіретін кінәлі, құқыққа қайшы әрекеті (әрекеті, әрекетсіздігі) болып саналады [9,73 б]. Қоғамның бірқатар саласы ақпараттандыру мен ақпараттық технологияларды пайдаланатындықтан, осы саладағы ақпараттық құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың жаңа түрлерін анықтау мен олардың негізгі ерекшеліктерін анықтау маңызды. Жалпы заңды жауапкершілік - құқықтың барлық салаларына кіре отырып және құқыққа қайшы жағдайларда құқықтың әртүрлі салаларының ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылатын жалпы құқықтық институт болып табылады. С.А.Куликова заңды жауапкершілік заңнамаға сәйкес, мәжбүрлеу шаралары мен санкциялардың түрлерін қамтиды және мемлекеттің жасалған құқық бұзушылыққа реакциясы ретінде әрекет етеді. Оның келесідей шараларын бөліп көрсеткен:

- жеке сипаттағы (бас бостандығынан айыру);
- мүліктік сипаттағы (айыппұл);
- ұйымдастырушылық сипаттағы (жұмыстан шығару) [10, 171 б].

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы Ақпараттандыру туралы заңының 65 бабы, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғатынын көрсеткен [7]. Дегенмен, заңда заңды жауапкершілік түрлері көрсетілмегенімен,

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі мен Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде (бұдан әрі - ӘҚБтК) ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік көзделген. Сонымен қатар жоғарыдағы мәжбүрлеу шараларының негізінде жағымсыз салдар мүлктік сипатта болса, зиянды өтеу, тұрақсыздық айыбын төлеу түріндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілік орын алады.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы жиі қолданылатын заңды жауапкершіліктің бір түрі - әкімшілік-құқықтық жауапкершілік болып табылады. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының «Qamqor» Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша 2023 жылдың 9 айына жариялаған статистикасына сәйкес, ел аумағында 7 792 665 әкімшілік құқық бұзушылық дерегі тіркелген, яғни 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 14,1%-ға артық (6 830 135). Әкімшілік жауапкершілікке 7 511 324 тұлға тартылған, сәйкесінше 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 17,9%-ға артық (6 369 212) [11]. Әкімшілік құқықты зерттеуші ғалымдар заң әдебиеттері мен еңбектерінде ақпарат саласындағы әкімшілік жазалардың тиімділігі мәселесін жиі көтеруде. Адам және қоғам жалпы кезекте, құқықтары мен заңды мүдделері құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғалғанына, құқық бұзушылықтар мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының көмегімен жауапкершілікке тартылатынына және заң мен сот алдындағы теңдіктің сақталып жатқанына сенімді болуы қажет.

ҚР ӘҚБтК-нің 25 бабының 1 бөлігіне сәйкес, осы Кодексте сол үшін әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады [12]. Р.А.Подопригораның пікірінше әкімшілік құқық бұзушылық-бұл ӘҚБтК әкімшілік жауаптылық көзделген жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі [13, 291 б]. Әкімшілік құқықта реттеудің объектісі әрекет және әрекетсіздіктен тұрады. Әрекет - құқық бұзушының міндеттері мен заңды талаптарын орындамауға, тыйым салуды бұзуға тікелей байланысты мінез-құлқының белсенді нысаны.

Әрекетсіздік - құқық бұзушының міндеттер мен заңды талаптарды орындамауға тікелей байланысты мінез-құлқының пассивті түрі, - ретінде отандық авторлардың бірі Л.С.Дубовицкая сипаттаған [14, 37 б]. Әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің ерекшелігі жария сипатқа ие болуы, яғни әкімшілік жаза жасалған құқық бұзушылық үшін мемлекет белгілеген жауапкершілік шарасы болып табылады және жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қолданылады.

Жоғарыда келтірілген авторлардың анықтамаларын талдау, әкімшілік құқық бұзушылықтарды азаматтық-құқықтық және қылмыстық сияқты басқа құқық бұзушылықтардан ажыратуға мүмкіндік беретін жалпы белгілерді анықтауға мүмкіндік береді. А.В.Мелехин әкімшілік құқық бұзушылықтың келесідей белгілерін бөліп қарастырған:

- 1) құқыққа қайшы әрекет, яғни әкімшілік құқық нормаларына қайшы келетін жеке немесе заңды тұлғаның әрекеті немесе әрекетсіздігі;
- 2) кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік (қасақана және абайсызда);
- 3) жазаланатын әрекет;
- 4) қоғамға қауіптілік [15, 206-207 б].

Әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілерін әкімшілік заңнаманы бұзу ретінде анықтауға мүмкіндік беретін әрекет немесе әрекетсіздіктің сипаттамасы ретінде қарастыруға болады. Авторлардың талдауларын сараптай отырып, қоғамға қауіптілік белгісін азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтіретін әрекет ретінде сипаттауға болады. Заңсыздық белгісі - әкімшілік жауапкершілік шараларымен қорғалатын әкімшілік және басқа құқық салаларының нормаларын бұзатын іс-әрекет жасаудан көрініс табады. Кінә белгісі - құқық бұзушылықтың субъективті жағын, яғни құқық бұзушының қасақана немесе абайсыздық жағдайында құқық бұзушылық жасағанын анықтайды. Жазаланушылық белгісі - тек заңнамада әкімшілік жауапкершілік көзделген әрекет танылуында көрініс табады. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың белгілерінің ішіндегі маңыздысы ретінде қоғамға қауіптілігін айтуға болады. Аталған белгі әрекет немесе әрекетсіздіктің қоғамға құқыққа қайшы әрекеттер жасаумен, қоғамдық тәртіппен қауіпсіздікке теріс әсер етуімен көрініс табады. Қоғамдық қауіп маңызды белгі болуы, әкімшілік құқық бұзушылық оның қоғамға әсері тұрғысынан дәл бағаланады.

Ақпараттық құқық бұзушылықтың құрамы төрт міндетті белгілерді: объект, объективті жақ, субъект және субъективті жақты

қамтиды. Р.В.Амелин, С.А.Куликова, С.Е.Чанов объект-ақпаратты іздеу, алу, беру, өндіру және тарату құқықтарын іске асыруға, электрондық мемлекеттің дамуына, авторлық құқық объектілерін қорғауға, мемлекеттік, қызметтік, кәсіптік, коммерциялық құпияны, жеке өмір құпиясын құрайтын мәліметтерге қол жеткізуді шектеуге, жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қалыптасатын қоғамдық қатынастар, - деген талдау жасаған. Ғалымдар объективті жағы-ақпараттық құқықтарды бұзу немесе ақпаратқа заңсыз қол сұғу процесінің сыртқы көрінісі, - деп тұжырымдаған [16, 97 б]. Ал М.В.Алексеева болса ақпараттық құқық бұзушылықтардың объективті жағын кеңірек ашып, заңдағы объективті жағы тек бір белгінің көмегімен сипатталатын құқық бұзушылықтардың мұндай құрамы формальды деп аталады – әрекет (әрекет, әрекетсіздік) арқылы ақпараттық саладағы құқық нормаларын бұзу. Материалдық құрамдар-бұл заң шығарушы объективті жағына жоғарыда аталған объективті тараптың барлық үш белгілерін міндетті түрде енгізген композициялар, - деген анықтама берген. Сонымен қатар автор, объективті жақтың келесідей белгілері бар екенін көрсеткен:

- 1) әрекет (әрекет, әрекетсіздік) арқылы ақпараттық саладағы құқық нормаларын бұзу;
- 2) жеке тұлғаның, қоғамның немесе мемлекеттің ақпараттық мүдделеріне зиян келтіру не осындай зиянның нақты қауіптілігін жасау;
- 3) ақпараттық саладағы қауіпті іс-әрекет пен жеке тұлғаның, қоғамның немесе мемлекеттің ақпараттық мүдделеріне зиян келтіру түріндегі туындаған салдарлар арасында себептік байланыстың болуы [9,73 б].

Ақпараттық саладағы құқық бұзушылықтың субъектісінің құқық бұзушылықта шешуші рөл атқарады, себебі субъектінің әрекеті мен әрекетсіздігі ақпараттық технологиялардың қауіпсіздігіне, ақпаратты қорғауға және ақпараттық қоғамның тиімді жұмыс істеуіне кері әсерін тигізеді және соның салдарынан құқық бұзушылық орын алады. М.В.Алексеева ақпараттық саладағы құқық бұзушылық субъектілері заңды жауапкершіліктің түріне байланысты жеке және заңды тұлғалар бола алатынын көрсеткен [9,73 б]. Ал осы тұста Р.В.Амелин, С.А.Куликова, С.Е.Чанов арнайы субъектілерге ақпараттық технологияларды қолдану және ақпаратпен жұмыс істеу саласында

арнайы білімі мен дағдылары бар лауазымды тұлғалар, журналистер, бағдарламашылар немесе заңнамада белгіленген іс-әрекеттердің жауапты орындаушылары, - жататынын көрсеткен [16, 97 б]. Осы тұста ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтардың субъективті жағы маңызды рөл атқарады, өйткені ол құқық бұзушылық субъектісінің уәжі мен ниетін көрсетеді. М.В.Алексеева мен Р.В.Амелин, С.А.Куликова, С.Е.Чанов сияқты авторлар субъективті жақ қасақана немесе абайсыздық түрінде орын алатынын көрсеткен.

Жалпы ақпараттық саладағы құқық бұзушылықтардың құрамын талдай келе, ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті қолданудағы басты күрделі мәселе - әкімшілік және ақпараттық құқықтың пәнаралық сипатты қамтуына байланысты болуын айтуға болады. Бұл ретте басқа заңды жауапкершілік шараларынан, әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің басты айырмашылығы-әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді соттар және сол саладағы уәкілетті органдардың қарай алуында болып табылады. Ақпараттық құқық, ақпараттық технологиялар, ақпараттандыру және байланыс саласындағы күрделі терминология, жаңа технологиялардың шығу мен күрделі сипат алуы әкімшілік және ақпараттық құқықтың пәнаралық сипат алуын көрсетеді. Осыған байланысты соттар және сол саладағы уәкілетті органдардың құқық бұзушылықты құқықтық тұрғыдан дұрыс шешу үшін, құқықтық мәселелерден бөлек, техникалық білімін жетілдіруді қажет етеді.

Жоғарыдағы авторлардың пікірлерін қорытындылай келе, ақпараттандыру саласындағы құқық бұзушылықтардың құрамы сандық дәуірінде азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігі мен тиімді заңды жауапкершілік шараларын бекітуде маңызды рөл атқаратынын көруге болады. Құқық бұзушылықтың құрамы бойынша жеке авторлық анықтама мен қорытындылар беретін болсақ, ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылық объектісі - ақпараттық жүйелер, байланыс желілері, бағдарламалық камтамасыз ету және басқа да әртүрлі цифрлық ресурстар мен деректер сияқты объектілер. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтың объективті жағы-заңсыз әрекет немесе әрекетсіздікті құрайды. Объективті жағы қорғалған ақпараттық жүйелерге немесе желілерге рұқсатсыз кіру; жүйенің жұмысын бұзатын вирустар құру және тарату; құпия ақпаратқа заңсыз қол жеткізу және оны жария ету, тарату;

интернеттегі алаяқтықты жүзеге асыру; байланыс саласындағы операторлардың байланыс қызметтерді ұсыну мен шарттарын сақтамау түрінде көрініс табады. М.В.Алексеева мен Р.В.Амелин, С.А.Куликова, С.Е.Чанов сияқты ақпараттық құқық саласындағы авторлардың субъектіге қатысты анықтамаларымен келісе отырып, елімізде аталған субъектілерден бөлек лауазымды тұлғаларға да ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тартылатынын айта кеткен жөн. Субъективті жаққа келетін болсақ, құқық бұзушылық қасақана және абайсыздық түрінде орын алады. Субъективті жақ субъектінің ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңсыз әрекеттерді жасаудағы ниеті мен құқық бұзушылыққа деген психикалық қатынасын сипаттайды. Аталған саладағы құқық бұзушылық нысандарына рұқсатсыз кіру, өзгерту, жою немесе заңсыз пайдаланылу өз кезегінде ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңдардың бұзылуына және заңды жауапкершіліктің туындауына алып келеді. Жалпы құқық бұзушылықтың құрамы заңды жауапкершілікті тағайындауда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда жоғарыдағы статистиканың көрсеткіштері көрсеткендей, әкімшілік құқық бұзушылықтар жиі орын алатын болды және ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар саны жиілей түсті. Осыған мысал ретінде, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жинағының 2023 жылдың 8 айы бойынша "Уәкілетті органдармен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау нәтижелері туралы" №1 - ӘІ нысанды статистикалық есебінің дерегіне сәйкес, ҚР ӘҚБтК 31 тарауы Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша 526 әкімшілік құқық бұзушылықтар тіркелген [17]. Аталған статистика еліміздегі ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың артып келе жатқанын көрсетеді. ҚР ӘҚБтК-нің 637-бабы байланыс саласындағы заңнаманы бұзу бойынша сапасыз ұялы байланыс және мобильді интернет үшін операторлары 2022 жылғы 11 қыркүйектен бастап әкімшілік жауапкершілікке тартылған. 2022 жылы Батыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік органдар 56 тексеру жүргізіп, ұялы байланыс операторларына 46 миллион теңге айыппұл салған [18]. ҚР ӘҚБтК-нің 637-бабының әр бөлігі жеке жауаптылық

қарастырады және аталған құқық бұзушылық үшін субъектілеріне қарай 10-2000 а.е.к аралығындағы айыппұлды көздейді.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар ҚР ӘҚБтК 636-641 баптары аралығын қамтитын 31 тарауымен реттеледі. Атаған тарау келесідей баптардан тұрады және әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті көздейді: Электр байланысы желілеріне шеткі құрылғыларды (жабдықты) заңсыз қосу (636-бап); Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы заңнамасын бұзу (637-бап); Сәйкестігі міндетті расталуға жататын, бірақ одан өтпеген байланыс құралдарын пайдалану (638-бап); Электрондық ақпараттық ресурстарды қорғау құралдарын пайдалану жөніндегі талаптарды бұзу (639-бап); Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасын бұзу (640-бап); Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасын бұзу (641-бап).

ҚР ӘҚБтК-нің 638-бабы Сәйкестігі міндетті расталуға жататын, бірақ одан өтпеген байланыс құралдарын пайдалану бойынша құқық бұзушылық үшін субъектілеріне қарай ескерту немесе 5-350 а.е.к аралығындағы айыппұлды көздейді. «Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникация комитеті» “Starlink” интернетін елімізде пайдалану бүгінде заңсыз деп мәлімдей отырып, “Starlink” интернетін ағымдағы нұсқада пайдалану кейбір қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін қолданыстағы заңнаманы бұзатынын және жоғарыдағы ҚР ӘҚБтК-нің 638-бабы бойынша жауапкершілік көзделгеніні мәлімдеген [19]. Сонымен қатар ҚР ӘҚБтК-де жиі бұзылатын баптардың бірі 640-бап Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасын бұзу болып табылады. Аталған бап бойынша 2015-2018 жылдары “Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасын бұзу” 640-бабы бойынша 15 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген.

Жалпы жоғарыда аталған баптар өз кезегінде әкімшілік жазаның келесі түрлерін қолданады: айыппұл салу, лицензияны тоқтату тұру (638 баптың 8 бөлігінде), рұқсаттан айыру (638 баптың 9 бөлігінде) және баптардың бір-екі бөлігінде ескерту немесе айыппұл түріндегі әкімшілік жазаны, аталған саладағы құқық бұзушылықтар қамтылған баптардың

барлығы дерлік айыппұлды қолданады. Бұл өз кезегінде әкімшілік құқық бұзушылықтардың артуына және құқықтық ықпал ету шаралары ретінде тиімді емес болып табылуы мүмкін. Себебі, 2023 жылдың қаңтар-мамыр айларында Қазақстанда байланыс қызметтерінен түскен кірістер бойынша байланыс операторлары жыл басынан бері 486 млрд теңгеге жуық табыс тапқан [20]. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2023 жылғы қаңтар-сәуір айларында жедел деректер бойынша 24204,0 млн. теңге сомасына почта және курьерлік қызмет көрсетілген [21]. Көрсетіліп отырған статистиканың өзі аталған байланыс операторлары мен ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылық субъектілері үшін әкімшілік жаза түрлері тиімді құқықтық ықпал етіп жатпағанын көрсетеді. Кейбір ғалымдар әкімшілік мәжбүрлеудің ерекше түрі ретінде процедуралық мәжбүрлеудің әкімшілік-құқықтық шараларын бөліп көрсетіп, бастапқы тәртіпті, бұрынғы жағдайды қалпына келтіру үшін, сондай-ақ келтірілген залалды өтеу үшін осындай түрлерін енгізуді ұсынғанын көрсеткен [22]. Осындай жағдайларда әкімшілік-құқықтық жауапкершіліктің рөлі мен маңыздылығы туралы ғылыми түсінік ерекше өзектілікке ие болады және тиімді құқықтық реттеудің бірқатар мәселелері бар екендігін көрсетеді. Сонымен қатар аталған тараудың нормалары бланкеттік сипатта болғандықтан, тәжірибеде пайдалануда бірқатар қиыншылықтарды тудырады. ҚР ӘҚБтК 637,640,641 баптары Қазақстан Республикасының Байланыс туралы, Дербес деректер және оларды қорғау туралы, Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы, Ақпараттандыру туралы және Байланыс туралы заңдарына сілтеме жасайды. Ол заңдардың өзі бірнеше заң нормаларына сілтеме жасайды. Бұл дегеніміз әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайтын соттар мен уәкілетті органдардың аталған салалардың құқықтық аспектілерінен бөлек, терминологиялық ұғымдарды меңгеру мен техникалық біліктілігін арттыруды қажет етеді. Тағы бір айта кететін жайт, ҚР ӘҚБтК 31 тарауындағы баптардың бөліктері мен тармақтары бірнеше рет алынып тасталған және жаңа редакцияда енгізілген. Тарауға енгізіліп жатқан өзгерістер заң шығарушы органның аталған саладағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілік шаралары үнемі дамып келе жатқанын көрсетеді, дегенмен заңнама мен жауапкершілік шараларын жетілдіруде және қоғам мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әлі де жұмыстар жасалу қажеттілігі бар.

Қорытындылай келе, ақпараттандыру және байланыс саласы күн сайын дамып келе жатыр және өз кезегінде қоғамның ақпараттандырылуы, ақпараттық технологиялар мен байланыс саласының үлкен жетістіктерге жетуі, аталған саладағы құқық бұзушылықтардың жаңа түрлерінің қалыптасуына, олардың әртүрлі сипат алуына және заң шығарушы тиімді заңды жауапкершілік шараларын бекітуді қамтамасыз етуі қажет екендігін көрсетеді. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтар үшін азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық жауапкершілік шаралары қарастырылған. Әр заңды жауапкершілік шарасының құқық жүйесінде алатын орны бар және азаматтардың құқықтары мен мүдделерін, қоғам мен мемлекеттің тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар қазіргі таңда жиі орын алатын болғандықтан, қазіргі міндет әкімшілік-құқықтық жауапкершілік институтын жетілдіруді қажет етеді. Ғылыми мақаланың нәтижесі ақпараттандыру және байланыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың келесідей мәселелері бар екендігін көрсетті:

- пәнаралық сипат (яғни құқық пен техника, технологиялардың байланысқан жерінде болуы) бұл өз кезегінде аталған саланы зерттеуде біраз қиындықтар тудырады;
- ҚР ӘҚБтК 31 тарауы бланкеттік сипатты қамтуы (құқық бұзушылықты анықтауда әкімшілік заңнамадан бөлек бірнеше нормативтік-құқықтық актілерді қарастыру);
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайтын соттар мен уәкілетті органдарға құқықтық біліммен бірге, техникалық біліктілікті арттыру;
- ҚР ӘҚБтК 31 тараудағы баптардың әкімшілік жаза қолдану бөлігінің тиісті нәтиже бермеуі (жоғарыдағы статистикалық деректердің нәтижесінде);
- Заң шығарушымен ҚР ӘҚБтК 31 тарауына енгізіліп жатқан өзгерістер, әкімшілік-құқықтық жауапкершілік институтын одан да тереңірек зерттеу қажет екендігін көрсетеді.

Көтерілген мәселелерді шешу үшін келесідей ұсыныстар ұсынуға болады:

Аталған саланың пәнаралық сипат алуы теория мен практикада да біраз күрделі мәселелердің туындауына және зерттеу жүргізуге негіз болады. Өйткені, ақпараттық құқықтың өзі еліміз үшін жаңа құқық саласы болып отыр, ал нақты істер үшін шешім қабылдайтын мемлекеттік органдар үшін аса жауапкершілікті талап етеді. Сәйкесінше, пән аралық сипат әр түрлі терминология мен әдіснаманы қолданатындықтан, әр саланың мамандары арасындағы түсіністік пен қарым-қатынаста қиындықтар туғызады. Осыны шешу үшін теория мен практикада зерттеулер жүргізу қажет. Ал ҚР ӘҚБтК 31 тарауы бланкеттік сипатты қамтуы, істерді шешу кезінде көптеген нормативтік-құқықтық актілерге, бұйрықтар мен стандарттарға назар аударуды қажет етеді. Елімізде ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңдар, ҚР ӘҚБтК 31 тарауындағы құқық бұзушылықтардың құрамына түсінік бергенімен, бланкеттік нормалар жауапкершілік шаралары мен санкцияларға қатысты екіұштылықты тудыруы да мүмкін. Осы мәселені шешу үшін соттардың ақпараттандыру және байланыс саласындағы заңнамаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы Жоғарғы Соттың қаулысын шығару қажет деген ұсыныс жасауға болады. Бұл өз кезегінде құқықтық түсініспеушілікті жоюға және анықтықтық қамтамасыз етуі мүмкін. Соттардың техникалық біліктілігін арттыруға келетін болсақ, елімізде ақпараттандыру және байланыс саласында жаңа ұғымдар мен терминология пайда болып жатқандықтан, соттарға технология негіздері, киберқауіпсіздік, электрондық дәлелдемелерге қатысты техникалық біліктілігін арттыратын курстарды өтуді ұсынуға болады. Себебі, елімізде электрондық дәлелдеме ұғымы нақты бекітілмеген және қазіргі таңда жасанды интеллектке қатысты құқықтық мәселелер туындауы мүмкін. Бұл ақпараттандыру және байланыс саласындағы күрделі терминология мен стандарттарды қолданудағы түсініспеушіліктерді жою мен әділ шешім шығаруда маңызды деп пайымдауға болады. Санкция мәселесіне келетін болсақ, заң шығарушы бекіткен әкімшілік мәжбүрлеу шараларының құқықтық ықпал ету деңгейі әлсіз, сәйкесінше жауапкершілікті одан әрі қатаңдату және айыппұл шараларына қарағанда, құқықтық ықпал ету үшін қызметті уақытша тоқтату, арнайы құқықтан, лиценциядан немесе рұқсаттан айыру түріндегі шараларды қолдану қажет деген ұсыныс жасауға болады.

Ғылыми мақаланы жазу барысында зерттеуге қойылған мақсат толықтай ашылды және жоғарыда аталған мәселелерден бөлек,

ақпараттық құқық бойынша авторлық анықтамалар ұсынылып, ақпараттық құқық бұзушылықтар бойынша заңды жауапкершілікке тарту мәселесіндегі маңызды құқық бұзушылық құрамы бойынша тұжырымдамалар жасалынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алдабергенова А.И. А 40 Информационное и цифровое право. Учебно-методическое пособие. Костанай: КРУ им.А.Байтурсынова, 2022. - 90 с.
2. Цифровое право : учебник / под общ. ред. В. В. Блажеева, М. А. Егоровой. – Москва : Проспект, 2020. – 640 с. ISBN 978-5-392-22729-7 DOI 10.31085/9785392227297-2020-640
3. Жатканбаева А.Е. Информационное право: учебное пособие / А.Е.Жатканбаева.- Алматы: Қазақ университеті, 2015.-150.
4. Информационное право, Бачило И.Л., Лопатин В.Н., Федотов М.А., 2001.
5. Ковалева Н. Н. Информационное право России: Учебное пособие. — М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2007. — 360 с.
6. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2023 жылғы 1 қыркүйек // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>
7. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Ақпараттандыру туралы заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418>
8. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі № 567 Байланыс туралы заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000567>
9. Алексеева М.В. Информационное право. Курс лекций. - Ростов-на-Дону: ДГТУ, 2017. - 84 с.
10. Куликова С.А. Информационное право России: Учеб. пособие для студентов, обучающихся по специальностям (направлениям) «Юриспруденция» и «Прикладная информатика в юриспруденции». – Саратов: Изд-во Сарат. ун-та, 2010. – 196 с.

11. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының «Qamqor» Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикасы // <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators>
12. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
13. Административное право: учебный курс / под ред. Р.А.Подопригоры. –Алматы: Налоговый эксперт, 2010. – 368 с.
14. Административное право : учебное пособие. - Павлодар :Кереку, 2015. - 89 с.
15. Административное право Российской Федерации : учебник / коллектив авторов ; под ред. А.В. Мелехина. — М. : ЮСТИЦИЯ, 2016. — 502 с. — (Среднее профессиональное образование). ISBN 978-5-4365-0441-4 DOI 10.15216/978-5-4365-0441-4
16. Амелин Р. В. Информационное право в схемах : учебное пособие / Р. В. Амелин, С. А. Куликова, С. Е. Чанов; отв. ред. С. Е. Чанов. — Москва : Проспект, 2016. — 128 с.
17. 1-ӘІ - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жинағы // https://qamqor.gov.kz/crimestat//files/2023/8/19/202308_1AD_01200_kz.XLSX
18. Сотовых операторов оштрафовали на 140 млн за некачественную связь в ЗКО // <https://www.zakon.kz/proisshestiia/6409077-sotovykh-operatorov-oshtrafovali-na-140-mln-za-nekachestvennuyu-svyaz-v-zko.html>
19. Власти РК пригрозили штрафами пользователям и продавцам терминалов StarLink // <https://www.the-village-kz.com/village/city/news-city/33215-vlasti-rk-prigrozili-shtrafami-polzovatelyam-i-prodavtsam-terminalov-starlink>
20. Доходы от услуг связи в Казахстане в январе-мае 2023 года // <https://profit.kz/news/64759/Dohodi-ot-uslug-svyazi-v-Kazahstane-v-yanvare-mae-2023-goda/>
21. Бюро национальной статистики Республики Казахстан. Развитие статистики связи за январь-апрель 2023 года // <https://stat.gov.kz/upload/iblock/063/ihfq6pyoir4q57cbrjatxvqvvhxlp2sr/%D0%A0%D0%B0%D0%B7%D0%B2%D0%B8%D1%82%D0%>

[B8%D0%B5%20%D1%81%D0%B2%D1%8F%D0%B7%D0%B8%D1%80%D1%83%D1%81.pdf](#)

22. Administrative and legal mechanism of information security in Ukraine. Viktor Hryshchuk, Oksana Hryshchuk, Ivan Franko, Nataliya Fedina, Vasyl Parasiuk, Oleg Batyuk // <https://dspace.lvduvs.edu.ua/bitstream/1234567890/3652/1/%D0%9F%D0%B0%D1%80%D0%B0%D1%81%D1%8E%D0%BA%20%D0%92.%20%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%82%D1%8F.pdf>
1. Aldabergenova A.İ. A 40 İnformasionnoe i sifrovoe pravo. Uchebno-metodicheskoe posobie. Kostanai: KRU im.A.Baitursynova, 2022. - 90 s. Sifrovoe pravo : uchebnik / pod obş. red. V. V. Blajeeva, M. A. Egorovoi. – Moskva : Prospekt, 2020. – 640 s. ISBN 978-5-392-22729-7 DOI 10.31085/9785392227297-2020-640
2. Jatkanbaeva A.E. İnformasionnoe pravo: uchebnoe posobie / A.E.Jatkanbaeva.- Almaty: Qazaq universiteti, 2015.-150.
3. İnformasionnoe pravo, Bachilo İ.L., Lopatin V.N., Fedotov M.A., 2001.
4. Kovaleva N. N. İnformasionnoe pravo Rosii: Uchebnoe posobie. — M.: İzdatelsko-torgovaia korporasia «Daşkov i K», 2007. — 360 s.
5. Memleket basşysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ «Ädiletti Qazaqstannyñ ekonomikalyq bağdary» atty Qazaqstan halqyna Joldauy. 2023 jylğy 1 qyrküiek // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-adiletty-kazakstannyn-ekonomikalyk-bağdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>
6. Qazaqstan Respublikasynyñ 2015 jylğy 24 qaraşadağy № 418-V Aqparattandyru turaly zañy // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418>
7. Qazaqstan Respublikasynyñ 2004 jylğy 5 şıldedegı № 567 Bailanys turaly zañy // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000567_
8. Alekseeva M.V. İnformasionnoe pravo. Kurs leksi. - Rostov-na-Donu: DGTU, 2017. - 84 s.
9. Kulikova S.A. İnformasionnoe pravo Rosii: Ucheb. posobie dlä studentov, obuchaiuşıhsä po spesiälnostäm (napravlениam) «İurisprudensia» i «Prikladnaia informatika v iurisprudensii». – Saratov: İzd-vo Sarat. un-ta, 2010. – 196 s.
10. Qazaqstan Respublikasy Bas prokuraturasynyñ «Qamqor» Qūqyqtyq statistika jāne arnaiy esepke alu jönindegi komitetiniñ statistikasy // <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators>

11. Qazaqstan Respublikasynyñ 2014 jylǵy 5 şıldedegı Äkımshılık qūqyq būzuşylyq turaly Kodeksı // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> Administrativnoe pravo: uchebnyi kurs / pod red.
12. R.A.Podoprigrory. –Almaty: Nalogovyi ekspert, 2010. – 368 s.
13. Administrativnoe pravo : uchebnoe posobie. - Pavlodar :Kereku, 2015. - 89 s.
14. Administrativnoe pravo Rosiskoi Federasii : uchebnik / kolektiv avtorov ; pod red. A.V. Melehina. — M. : İUSTİSİA, 2016. — 502 s. — (Srednee profesionälnoe obrazovanie). ISBN 978-5-4365-0441-4 DOI 10.15216/978-5-4365-0441-4
15. Amelin R. V. İnformasionnoe pravo v shemah : uchebnoe posobie / R. V. Amelin, S. A. Kulikova, S. E. Chanov; otv. red. S. E. Chanov. — Moskva : Prospekt, 2016. — 128 s.
16. 1-ÄI - Qazaqstan Respublikasynyñ Sıfırlıq damu, innovasialar jäne aeroǵaryş önerkäsıbı ministrліgınıñ jınaǵy // https://qamqor.gov.kz/crimestat//files/2023/8/19/202308_1AD_01200_kz.XLSX
17. Sotovyh operatorov oştrafovalı na 140 mln za nekachestvennuiu sváz v ZKO // <https://www.zakon.kz/proisshestviia/6409077-sotovykh-operatorov-oshtrafovali-na-140-mln-za-nekachestvennuyu-svyaz-v-zko.html>
18. Vlasti RK prigrozili ştrafami pölzovateläm i prodavsam terminalov StarLink // <https://www.the-village-kz.com/village/city/news-city/33215-vlasti-rk-prigrozili-shtrafami-polzovatelyam-i-prodavtsam-terminalov-starlink>
19. Dohody ot uslug sväzi v Kazahstane v ianvare-mae 2023 goda // <https://profit.kz/news/64759/Dohodi-ot-uslug-svyazi-v-Kazahstane-v-yanvare-mae-2023-goda/>
20. Büro nasionälnoi statistiki Respubliki Kazahstan. Razvitie statistiki sväzi za ianvär-aprel 2023 goda // <https://stat.gov.kz/upload/iblock/063/ihfq6pyoir4q57cbrjatxvqvhlpc2sr/%D0%A0%D0%B0%D0%B7%D0%B2%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%B5%20%D1%81%D0%B2%D1%8F%D0%B7%D0%B8%D1%80%D1%83%D1%81.pdf>
21. Administrative and legal mechanism of information security in Ukraine. Viktor Hryshchuk, Oksana Hryshchuk, Ivan Franko, Nataliya Fedina, Vasyl Parasiuk, Oleg Batyuk // <https://dspace.lvduvs.edu.ua/bitstream/1234567890/3652/1/%D0%9F%D0%B0%D1%80%D0%B0%D1%81%D1%8E%D0%BA%20%D0%92.%20%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%82%D1%8F.pdf>

K.A.Tleubekova¹, G.O.Serim¹

SDU University , Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: kamillatleubekova0802@gmail.com

THE CONCEPT AND FEATURES OF ADMINISTRATIVE AND LEGAL LIABILITY FOR VIOLATION OF LEGISLATION IN THE FIELD OF INFORMATIZATION AND COMMUNICATIONS

Abstract. The article examines the theoretical foundations of the application of administrative and legal responsibility for administrative offenses in the field of informatization and communication of modern society. Information technology has become a part of human life today. In everyday life, everyone in the world has such opportunities as prompt access to information, communication and exchange of information, education, remote medical consultations and employment with the help of information technology. However, at present, the development of information technologies and communications, the fight against offenses in this area and ensuring compliance with legislation remain relevant. The increase in administrative offenses in society, since informatization and communication have a direct impact on the life of a person and society, requires effective legal regulation of measures of legal responsibility in this area. In the course of the work, a review of the works of domestic and foreign scientists was conducted, author's definitions on "information law" were proposed, concepts on "the composition of information offenses", the most important concept in bringing to legal responsibility, were developed. The purpose of the study is to analyze the concept and specifics of administrative and legal responsibility for administrative offenses in the field of informatization and communications and to identify problems that arise during the study.

Keywords: information, information law, informatization, communication, information technologies, offenses, administrative and legal responsibility.

K.A.Тлеубекова¹, Г.О.Серим¹

¹SDU University , Каскелең, Қазақстан

*e-mail: kamillatleubekova0802@gmail.com

ПОНЯТИЕ И ОСОБЕННОСТИ АДМИНИСТРАТИВНО-ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА НАРУШЕНИЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В СФЕРЕ ИНФОРМАТИЗАЦИИ И СВЯЗИ

Аннотация. В статье исследуются теоретические основы применения административно-правовой ответственности за административные правонарушения в сфере информатизации и связи современного общества. Информационные технологии стали частью жизни человека сегодня. В повседневной жизни все в мире имеют такие возможности, как оперативный доступ к информации, связь и обмен информацией, получение образования, дистанционные медицинские консультации и осуществление трудовой деятельности с помощью информационных технологий. Однако в настоящее время развитие информационных технологий и связи, борьба с правонарушениями в данной сфере и обеспечение соблюдения законодательства остаются актуальными. Увеличение административных правонарушений в обществе, поскольку информатизация и общение оказывают непосредственное влияние на жизнь человека и общества, требует эффективного правового регулирования мер юридической ответственности в данной сфере. В ходе работы был проведен обзор трудов отечественных и зарубежных ученых, предложены авторские определения по “информационному праву”, разработаны концепции по “составу информационных правонарушений”, важнейшему понятию в привлечении к юридической ответственности. Целью исследования является проведение анализа понятия и специфики административно-правовой ответственности за административные правонарушения в сфере информатизации и связи и выявление проблем, возникающих в ходе исследования.

Ключевые слова: информация, Информационное право, информатизация, связь, информационные технологии, правонарушения, административно-правовая ответственность.